

**Шымкент қаласының ДСБ «ЖИТС» -тің алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі орталық» МКҚК сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне
01.04.2024 жылдан 11.04.2025 жылдар аралығын қамтылатын ІШКІ
ТАЛДАУ АКТІСІ**

Шымкент қаласы

«26» мамыр 2025 жыл.

Шымкент қаласының ДСБ «ЖИТС» -тің алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі орталық» МКҚК (бұдан әрі – кәсіпорын), «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңының 8-бабының 5 тармағына және Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы №21 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес және кәсіпорын бас дәрігерінің 2025 жылғы 11 сәуірдегі №71 *Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне Ішкі талдауды жүргізу туралы* бұйрығы негізінде, Кәсіпорынның барлық бөлімдерінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

Кәсіпорынның орналасқан жері Шымкент қаласы, Тұран ауданы Кремлевская 11/10, ғимаратында және кәсіпорынға тиесілі барлық ғимараттарына сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағытталған үгіт материалдар және «Сенім телефонының» нөмірлері көрсетілген.

Интернет ресурста әлеуметтік желілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің басталғанын жарияланды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау:

1) объективтілік; 2) сенімділік; 3) айқындық; 4) жан-жақтылық қағидаттарында жүргізіледі

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- 1) талдау объектісінің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 2) талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Мынадай мәселелер талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметі деп түсініледі:

- 1) персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау;
- 2) мүдделер қақтығысын реттеу;
- 3) мемлекеттік қызметтер көрсету;
- 4) рұқсат беру функцияларын іске асыру;
- 5) бақылау-тексеру функцияларын іске асыру;
- 6) бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу;

- 7) жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу;
- 8) ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану;
- 9) талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

Кәсіпорын

1. Эпидемиология;
2. Профилактикалық жұмыстарды жүргізу;
3. Әдістемелік ұйымдастыру;
4. Шаруашылық;
5. Емдеу алдын алу жұмыстары мен диспансерлеу;
6. Диагностикалық зертхана;
7. Ақпараттық және АИТВ-індетін компьютерлік бақылау;
8. Әкімшілік бөлімі қарастырылған.

Кәсіпорын Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы ҚР 2020 жылғы 7 шілдедегі Кодексіне және ҚР ДСМ бұйрықтарын басшылыққа алып жұмыстар жүргізеді.

Кәсіпорын талдауды (анализ) басқа заңды және жеке мекемелерге жолдамайды, тек тапсырыс берушінің тапсырысын орындайды.

Кәсіпорында жұмысқа жарамсыздық парағы және мүгедектігі туралы анықтамалар немесе басқада құжаттар берілмейді.

Кәсіпорын компаенс қызметкері сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытында семинар сабақтары жүргізіліп отырады.

Сыбайлас жемқорлық мәселелері бойынша әлеуметтік сауалнама жүргізілді.

Кәсіпорын бас дәрігері және Компаенс қызметкер (офицер) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V ҚРЗ Заңына сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін және құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөнінде шараларды қабылдайды.

Кәсіпорын басшылыққа алып жұмыс жасайтын нормативтік құқықтық актісінде келесідей сыбайлас жемқорлық тәуекелдері мүмкіндігі анықталды;

ҚР ДСМ Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде, тергеу изоляторлары мен қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдар үшін медициналық көмектің қосымша көлемін бюджет қаражаты есебінен және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды және арнайы емдік өнімдерді сатып алуды, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидаларын бекіту туралы 2023 жылғы 7 маусымдағы № 110 бұйрығы. Аталған бұйрықтың 4 параграф Экспертиза;

182. Тапсырыс беруші немесе сатып алуды ұйымдастырушы арнайы білімді және (немесе) техникалық білікті талап ететін мәселелер бойынша бейінді мамандықтардан сарапшыны немесе сарапшыларды тартады.

Тапсырыс беруші немесе сатып алуды ұйымдастырушы жеке қаржы жылына дәрілік заттардың және (немесе) медициналық бұйымдардың хабарландырудағы сипаттамаларға немесе техникалық ерекшеліктерге сәйкестігі тұрғысынан өтінімдерді сараптау үшін бейінді мамандықтар бойынша сарапшыларды айқындайды.

Алайда сарапшыға тапсырыс беруші медициналық субъекті қызметкері сарапшы ретінде тартылуға болмайды деген- тиям жоқ, яғни сарапшы және тапсырыс беруші екеуіде бір кәсіпорын орнынан болу мүмкін. Осы жерде сарапшы тапсырыс берушінің мүддесі үшін, қандайда бір дұрыс емес қорытынды беруі мүмкін. (сыбайлас жемқорлық тәуекелдері болуы мүмкін) Сонымен қатар аталған бұйрықтың

260. Өнім беру шартын біржақты тәртіппен бұзу үшін:

1. өнім берушінің шарт бойынша тауарды не тауардың қандай да бір партиясын беру мерзімін ұзақтығы 45 (қырық бес) күнтізбелік күн үздіксіз бұзуы - деп көрсетілген, аталған бұйрыққа сәйкес тапсырыс берушіге тауар аса қажеттілік туындаған жағдайда, 45 күнтізбелік күн өтпей тұрып шартты бір тааптан бұзуға жол берілетіндігі қарастырылмаған

2. Аталған бұйрыққа сәйкес түзілген шартта көрсетілген міндеттемелерін орындамау немесе тиісінше орындамау фактілері орын алғанда, өнім берушіні *мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы* – деп тану, туралы сотқа жүгінуге қарастырылмаған.

3. 6-параграф. Өтінімді қабылдамау негіздері

200. Мына жағдайларда:

Жоғарыда аталған 260 тармағына сәйкес әлеуметтік өнім беруші шартта көрсетілген міндеттерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда өнім берушілерге қандай да бір шара қарастырылмағандықтан әлеуметтік әлеуетті өнім берушінің өтінімі қабылданбайтындығы №110 бұйрықта қарастырылмаған. Яғни өнім беруші шарт бойынша міндеттерін орындамай келесі бір №110 бұйрық аясында өнім берушінің өтінімін қабылдамау қарастырылмаған.

Қорытынды.

1. 01.04.2024 жылдан 11.04.2025 жылдар аралығын қамтылған Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бойынша кәсіпорынның барлық бөлімдерінде жүргізіліп сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі анықталмады.

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бойынша кәсіпорынның жұмысына қатысты сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық тәуекелдерінің мүмкіндіктері анықталды.

Жоғарыда аталғандардың негізінде жұмыс тобы, **Ұсынады**

1. ҚР ДСМ Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде, тергеу изоляторлары мен қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдар үшін медициналық көмектің

қосымша көлемін бюджет қаражаты есебінен және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды және арнайы емдік өнімдерді сатып алуды, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидаларын бекіту туралы 2023 жылғы 7 маусымдағы № 110 бұйрығының 4 параграфына тапсырыс берушіге тәуелсіз сарапшылардан құру туралы өзгерістер енгізу.

2. ҚР ДСМ №110 бұйрығы бойынша бюджет қаражаты есебінен сатып алуға қатысушы әлеуметтік өнім берушілерге шартта көрсетілген міндеттерін орындамау немесе тиісініше орындамау фактілері орын алған жағдайда мемлекеттік сатып алу заңына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жозықсыз қатысушы деп тану туралы өзгерістер енгізуді.

3. ҚР ДСМ №110 бұйрығының 200 тармағына әлеуметтік өнім беруші шарт бойынша міндеттерін орындалмаған жағдайда келесі бір №110 бұйрық аясында өнім берушінің өтінімін қабылдамау немесе шектеу қою мүмкіншілігін енгізуді.

4. ҚР ДСМ №110 бұйрығының 260 тармағына шартта көрсетілген мерзімде өнім беруші міндеттерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда шартты тапсырыс беруші тарапынан бір жақтама бұзуға мүмкіншілік беруге өзгерістер енгізуді.

Бас дәрігер



Жұмыс тобының төрағасы

Еңбек дағды

К.Н. Маширов.

Жұмыс тобының мүшелері:

1.

А.Ж.Медетова

А.Ж.Медетова.

2.

И.С. Мухитдинов

И.С. Мухитдинов.

3.

Ж.И.Сапарова

Ж.И.Сапарова.

4.

Б.С. Бактыбаева

Б.С. Бактыбаева.

5.

Г.Т.Қысмұратова

Г.Т.Қысмұратова.

6.

К.Альменова

К.Альменова.